



Оңтүстік Корея Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары




Кореяда газет ерте кезден-ақ шыға бастаған деген деректер бар. Жылнамаларда газеттің шығу кезеңі 692 жылы деп көрсетілген, газет аты “Кибелчжи”. Ал, 1392 жылы патша сарайының “Чобо” газеті жарыққа шыға бастады. Басылымның түпкі мақсаты халықты патша жарлығымен және жаңа орынға сайланған, қызметінен құылған туралы мәліметтермен құлағдар ету.

- 1883 жылы үкіметтің прогрессившіл тобының ұйымдастыруымен “Хансон сунбо” атты ресми газет дүниеге келді. Газет қытай тілінде, айына 3 рет шығып тұрды. Бұл газет саясат, экономика жаналықтарын басып отырды. 1884 жылғы үкімет төңкерісінен кейін қытай консерваторларының тобы “Хансон сунбо” редакциясына шабуыл жасап, редакция ғимаратын өртеп жіберді.





“Тоннип синмун” гезеті
1896 жылы
қаланған. Аталмыш газет
аптасына үш рет, төрт кіші
форматты
бетпен, таралымы 300
данамен шығып тұрған.
Алғашқы нөмірі 1896
жылы 7 - сәуірде жарық
көрді. Оның негізін
қалаған АҚШ-та білім
алған, медицина
саласының докторы Со
Чжэ Пхиль. Газет
баспаханасы алғашқы
жылдары Со Чжэ Пхиль
ашқан мектепте
орналасқан.





- Кореяның алғашқы күнделікті газеті 1898 жылы жарық көрген “Мейль синмун” басылымы. 1904 жылы жаңа күнделікті “Тэкан мейль синбо” газеті пайда болды. Газет корейліктерге ықпалын тигізгенмен, Жапон қыспағына орай 1905 жылы жабылып қалған.



- 1910-1920 жылдар аралығы Корея журналистикасы тарихындағы қаралы кезең болды. Жапон үкіметінің органы болып есептелетін газеттерден басқа басылымдардың шығуына қатаң тыйым салынды. Соған қарамастан “Коннип синмун” мен “Синкам минбо” басылымдары Сан-Францискода шықса, “Тэдон синмун” басылымы Ресейде шығып тұрды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, Корея мемлекеті өзінің тәуелсіздігін алды. Бірнеше аптаның ішінде 68 газет пайда болған.



1993 жылғы есеп бойынша, Кореяда 103 күнделікті газет бар. Оның 54-і Сеулде, қалғандары аудандарда басылып тұрады. Ал 1995 жылы газеттердің саны 116-ға дейін көбейді. Қазіргі таңда Корея баспасөзі даму үстінде. Сағатына 15000 дана түрлі-түсті өнімдерді шығарып отырады.





- Кореяда радиохабар 1927 жылы пайда болды. Екі жылдан кейін жапондықтар Сеулде радиостанция орнатады. Бұл станция 1954 жылға дейін жұмыс істейді. Кореядағы ең алғашқы коммерциялық радио-“Пусан мунква бродкастинг стейшн” деп аталады.



- 1966 жылы “Сеул УКВ бродкастинг компани” өзінің жеке станциясын енгізді. 1970 жылы ұзын және қысқа толқынды үш радио станция пайда болды.
- 1996 жылы Корея мемлекетінде 97 радиостанция тіркелген.



- Корея телевидениесі коммерциялық станцияның ашылуымен 1956 жылы бастау алды. Алайда, бұл телестанция сол жылы-ақ қайта жабылды. 1961 жылдың 1 желтоқсанында үкімет “Кей-би-эс ТВ” ресми телеорталығы ашылды. Ал, “Ти-Би-Си ТВ” 1964 жылдан бастап қызмет көрсетеді. 1969 жылдың тамызында “Эм-Би-Си Тв” телеорталығы ашылды. 1990 жылдан кейінгі реформалар нәтижелеріне орай жеке телестанциялар көбейе бастады. Статистикаға сүйенсек, “Кей-би-эс ТВ” аудиториясы 98%, “Эм-Би-Си Тв” - Оңтүстік Корея аудиториясының 92 % құрайды.



1990 жылы 20 наурызда пайда болған.





1961 жылы 21 ақпанда пайда болған.





KBS



1961 жылы 31 желтоқсанда пайда болған





Назарларыңызға рахмет!!!